



**Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырма
(Тексеруді тағайындау туралы акт)**

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ __

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабына, және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, № 1 сәйкестік аудит бөлімінің басшысы - мемлекеттік аудитор М.К.Мукаева жіберілсін. БСН 060240007064, мекен жайы: ҚР, БҚО, 091000, Бөкей орда ауданы, Сайхин ауылы, Өрда көшесі, 32 үй, «Бөкей ордасы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, басшы – Б.Ж. Насимуллин. «Сараптық ұйымдардың палатасы» аккредиттелген сараптама бірлестігі 2019 жылдың 9 шілде арыз-шағымы бойынша аудиторлық іс –шара (тексеру) жүргізу тапсырылады.

Мемлекеттік аудиттің түрі - сәйкестік аудиті.

Тексеру түрі - ішкі мемлекеттік аудит.

Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең 2019 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2019 жылдың 01 шілдесін қоса.

Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 18 шілдесінен бастап 2019 жылдың 24 шілдесін қоса алғанда.

Аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға: өзіме қалдырамын

Аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізуге тапсырма құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: «Сараптық ұйымдардың палатасы» аккредиттелген сараптама бірлестігі 2019 жылдың 9 шілде арыз-шағымы -

Басшы м.а.

В.Пак

Алдым, Мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның
(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

2019 жыл " 17 " шілде (алған күнді көрсетіңіз)

Тексерілетін бақылау объектісінде мүдделер тартысының және жоспарланған көлем мен белгіленген мерзімде бақылау бағдарламасын орындауға кедергілердің жоқ екендігі туралы растаймын (мыз).

№1 аудит сәйкестігі бөлімінің басшысы *Мукаева М.*

155-бап. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі «Тексерілетін субъектінің не оның уәкілетті өкілінің бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері»:

1. Бақылау және қадағалау жүзеге асырылу кезіндегі тексерілетін субъектілер не олардың уәкілеттік берілген өкілдері:
1) тексеру жүргізу үшін келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын объектіге тексеруге жібермеуге:

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген, осы Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер және ішінара тексерулер жүргізу мерзімділігі сақталмаған;
Осы Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;
Осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 2), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы сол бір кезеңде сол бір мәселе бойынша бұрын тексеру жүргізілген тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеру тағайындаған;

Егер алдыңғы тексеру кезінде бұзушылықтар анықталмаған болса, осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындалған;
Осы Кодекстің 141, 143-баптарында және 146-бабының 1-тармағында көзделген ақпарат пен құжаттар болмаған;
егер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) өзгеше көзделмесе, жасалған не әзірленіп жатқан қылмыстық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өзге де өтініштерде көрсетілген уақыт аралығы шенберінен шығатын кезеңде тексеру тағайындалған;

Тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тексеру жүргізу тапсырылған;
Осы Кодекстің 144-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы бір актіде тексеруге тартылатын бірнеше тексерілетін субъект көрсетілген;
Тексеру мерзімдері осы Кодексте белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған;
Осы Кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес осы Кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда;
2) егер жүргізілетін тексерудің нысанасына жатқызылмаған немесе актіде көрсетілген кезеңге жатқызылмаған болса, мәліметтер бермеуге;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге, тексерудің нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың тексерілетін субъектілердің қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірместен, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен лауазымды адамның тексеру шенберінде жүргізген жекелеген әрекеттерін тіркеуге;

6) өз мүдделері мен құқықтарын білдіруі, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды тексеруге қатысуға тартуға құқылы.

2. Бақылау және қадағалау органдары тексерулер немесе тексерілетін объектіге бару арқылы бақылаудың және қадағалаудың өзге нысандарын жүргізген кезде тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері:

1) осы Кодекстің 146-бабы 1-тармағының талаптары сақталған кезде, тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайына бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) коммерциялық, салықтық не өзге де құпияны қорғау талаптарын сақтай отырып, бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не тексерудің нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін олардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасында алғаны туралы белгі қоюға;

4) жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы актінің екінші данасында ол аяқталған күні алғаны туралы белгі қоюға;

5) егер осы Кодексте не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеруді жүзеге асыру кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

6) объектіге тексеру жүргізу үшін келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7) хабарлама алған жағдайда, тексеру тағайындалған мерзімде тексерілетін объект тұрған жерде болуға міндетті.